



ШЫҒАСЫҒА ИЕСІ
БАСШЫ

Бүгін Түркістан қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы өтеді. Кеше Ұлттық құрылтай мүшелері жеке талқылау блоктарында азаматтық қоғамды дамыту және этносаралық бірлікті нығайту, қоғамдық бірлестіктердің қызметін заңнамалық реттеу, ұлттық идеологияның күн тәртібін қалыптастыру ерекшеліктері, өңірлердегі қоғамдық кеңестердің рөлі мәселелерін талқылады.



ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Мемлекет басшысының төрағалығымен Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті отырысы өтті, деп хабарлады Ақорданың ресми сайты.

Жиында еліміздің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзекті мәселелері талқыланды. Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы бірқатар жауапты мемлекеттік орган басшыларының баяндамасын тыңдады.

Қауіпсіздік Кеңесі Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен басқа да әскерлерін, әскери құралымдарын қару-жарақпен қайта жарақтау және қорғаныс өнеркәсібі кешенінің 2030 жылға дейінгі даму тұжырымдамасының жобасын қарастырды.

Қорғаныс өнеркәсібі, мемлекеттік қорғаныс саласындағы тапсырыс, қару-жарақ пен әскери техника айналымы, қорғаныс нысандары инфрақұрылымын дамыту салаларындағы жекелеген мәселелер жөнінде жүйелі шаралар әзірленді.

Жиын қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін одан әрі дамыту жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

АЛАКӨЛГЕ «ТАЛЬГО» АПАРАДЫ

Елордадан Алакөл курортты аймағына «Астана-Достық» бағдары бойынша маусымдық алғашқы пойыз жөнелтілді.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы мәлім еткендей, пойыз аптасына екі рет: астанадан – бейсенбі, жексенбі сайын, Достық станциясынан дүйсенбі және жұма сайын қатынайды. Пойызға 346 жолаушы сыяды.

Бағдардың Астанадан Алакөлге дейінгі ұзындығы – 1399 км. Пойыз жолда 21 сағат 45 минут жүреді. «Тальго» пойызы – Алакөлге жетудің оңтайлы жолы. Вагондар ауа желдеткіш және биодәретханамен жабдықталған. Жолаушылар үшін vputi.kz мультимедиялық ойын-сауық порталы қолжетімді. Пойызда ерекше қажеттілігі бар адамдар үшін «гранд» санатындағы вагондар, вагон-бар және вагон-мейрамхана қарастырылған. Билет құны вагон санатына қарай 17 мың теңгеден басталады.



ҰЛТ САУЛЫҒЫНЫҢ САҚШЫЛАРЫ

Ертең – Медицина қызметкерлерінің күні. Бүгінгі таңда елордадағы мемлекеттік денсаулық сақтау секторында 12056 медицина қызметкері халыққа медициналық қызмет көрсетіп, ұлт саулығы жолында аянбай тер төгуде. Осы атаулы күні адам жанының арашашысы, ақ халатты абзал жандарға арнайы құрмет көрсетіліп, еңбегі ерекше еленеді.

7

Құрметті денсаулық сақтау саласының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын!

Сіздердің тынымсыз еңбектеріңіз бен күш-жігерлеріңіздің арқасында мыңдаған адам емделіп шықты. Адамның өмірі дүние есігін алғаш ашқан сәттен бастап сіздермен тікелей байланысты: нәрестенің аман-есен дүниеге келуі, адамдардың денсаулығы, түрлі аурулардан емделіп шығуы сіздердің қолдарыңызда.


Мемлекет басшысы медицина саласының дамуына ерекше көңіл бөледі. Өз тарапымыздан медицина қызметкерлеріне қолдау көрсетуді, медициналық нысандар желісін кеңейтуді, заманауи жабдықтармен қамтамасыз етуді әрі қарай да жалғастырамыз.

Сіздер отандық медицинаның дамуына субелі үлес қосып келесіздер. Кәсіби біліктіліктеріңіз бен абыройлы еңбектеріңіз үшін алғысым шексіз! Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт және отбасыларыңызға амандық тілеймін. Мереке құтты болсын!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құрбан шалу рәсімін қашықтан өткізуге арналған qurban2023.kz сайтына іске қосты.

«Мұсылман қауымының қасиетті айт мерекесіне орай барша қазақ елін «Құрбан-2023» қайырымдылық акциясына үлес қосуға шақырамыз. Халыққа, әсіресе үлкен қалаларда тұратын жамағатқа оңтайлы болу үшін биыл құрбан шалу офлайн және онлайн форматта жүзеге асады» делінген хабарламада.



№71 (4504) 17/06/2023 Сенбі



АСТАНА ӘКІМІ ЕСЕП БЕРДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекті қабылдады. Мемлекет басшысына елорданың әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы туралы баяндалды.

Әкімдіктің мәліметі бойынша биылғы 5 айда тартылған инвестиция көлемі 425 миллиард теңгеден асып, былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда өсім 20 пайыздан артты. Сондай-ақ 2023 жылы 25 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Бұл 87 миллиард теңге көлемінде қаржы тартуға және 1,8 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Президентке тұрғын үй алаптарын дамыту, апатты жағдайдағы ескі тұрғын үйлерді бұзу, әлеуметтік нысандар салу, құрылысы ұзаққа созылған нысандарды аяқтау, шағын және орта бизнесті қолдау, жұмыс орындарын ашу және қаланы абаттандыру мәселелері жөнінде есеп берілді.

Жеңіс Қасымбектің айтуынша, биыл 6 мыңға жуық әлеуметтік жеңілдікпен берілетін пәтер және 16 үлескерлік құрылыс нысанын салу жұмыстарын аяқтау жоспарланып отыр. Сондай-ақ елорданың көлік инфрақұрылымын дамыту мақсатында биыл Туелсіздік даңғылындағы көпір құрылысы аяқталып, қаланың қоғамдық көлік бағдарлары бойынша 400 жаңа автобус пайдалануға беріледі.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына №3 су сорғыш-сүзгіш станция,

Бұған дейін Астана су қоймасынан су құбырын тарту жұмыстары басталған болатын.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қаланы көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары жүйелі жүргізіліп жатыр. Биыл 150-ден астам аула мен қоғамдық орындарды абаттандыру жоспарланған. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Астананың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын одан әрі дамыту, қаланы абаттандыру, көгалдандыру, сондай-ақ жылыту маусымына дайындық жөнінде бірқатар тапсырма берді.



ИНТЕРНЕТТІҢ САПАСЫ ЖАҚСАРАДЫ

Елорданың тұрғын үй кешендерінің бірінде GPON жоғары жылдамдық пакетін қамтамасыз ететін технология іске қосылды. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Мамандар әр абонент үшін арнаулы магистральға қосылу арнасының құрылысы қалай жүзеге асырылатынын, үздіксіздік қалай қамтамасыз етілетінін және абоненттер бір желінің көмегімен қызметтердің тұтас пакетіне бір мезгілде қалай қол жеткізе алатынын көрсетті. Бұл қызметтің енгізілуі – елордамыз үшін технологиялық тұрғыда маңызды қадам. Жыл басынан бері оптикалық-талшықты байланысқа 45 көппәтерлі тұрғын үй кешені қосылды, бұл – шамамен 10 мың пәтер. Жыл соңына дейін бұл қызметтерді тағы 32 мың абонент пайдаланатын болады» деп түсіндірді Е.Каналимов.

Ол қалалық мәслихатта цифрландыру, азаматтарды сапалы интернетпен қамтамасыз ету мәселелері тұрақты түрде көтеріліп келе жатқанын айтады.

«Тұрғын үй алаптарының тұрғындарымен кеңестердің бірінде биыл



интернеттің сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін 67 антенна – диңгек құрылыстарын орнату үшін жер

учаскелерін бөлу мәселесін қысқа мерзімде пысықтауды тапсырдым» деді қалалық мәслихат төрағасы.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Жапонияда бала туу көрсеткіші төмендеді.

Жапония Премьер-министрі Фумио Кисида елде бала туу көрсеткішін көтеру бойынша жаңа шаралар топтамасын ұсынды. Алдағы үш жылда үкімет осы мақсатқа 25 миллиард доллар бөледі. Дамыған елдердің көбінде бала туу көрсеткіші төмен деңгейде, ал Жапонияда тіпті нашар. 125 миллион тұрғыны бар Жапонияда былтыр 800 мыңнан аз бала дүниеге келді. Бұл – ел тарихындағы ең төмен көрсеткіш.



АҚШ-та ауыр жұмыс істейтін балалар саны артты.

Құқық қорғаушылардың мәліметінше, кейінгі 8 жылда бұл көрсеткіш 4 есе өскен. Әсіресе мигрант жеткіншектердің тұрмысы алаңдатарлық. 2021-2022 жылдар аралығында елге 250 мыңнан астам жасөспірім өз бетімен келген. Осы кезге дейін 11 штатта балалар еңбегін қолдануды жеңілдететін бірнеше заң жобасы қарастырылды. Мәселен, Миннесотада балаларға құрылыста жұмыс істеуге рұқсат етілді, ал Огайода 14 жасқа толған жеткіншектер күн сайын сағат кешкі 9-ға дейін еңбек ете алады.

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ


Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің 70 жасқа толған мерейтойына орай құттықтау жеделхатын жолдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Қытайдың саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-гуманитарлық салаларын дамытуға және халықаралық аренадағы жоғары беделін ілгерілетуге Си Цзиньпиннің қосқан жеке үлесін жоғары бағалады.

Мемлекет басшысы Қытай халқының игілігін қамтамасыз етуге бағытталған ҚХР Төрағасының бастамалары мен ауқымды реформаларының табысты жүзеге асырылуына тілектестік білдірді. Президент Қазақстанның екі ел арасындағы жан-жақты стратегиялық серіктестік пен ынтымақтастықты

нығайтуға ниетті екенін тағы да растады.

«Біздің бірлескен күш-жігеріміз екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға және Қазақстан мен Қытай арасындағы көпжақты серіктестікті сапалы жаңа деңгейге шығаруға толық ықпал ететініне сенімдімін» деп жазылған жеделхатта.

ЖОЛ КАРТАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Астана қаласы мәслихаты Аманат депутаттық фракциясының жетекшісі болып бірауыздан Ғабит Тәжімұратов, ал орынбасары болып Динара Уразалина сайланды. Фракцияның кезекті отырысында сайлау алдындағы уәделерді орындау бойынша жол картасын іске асыру барысы талқыланды. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов хабарлады.

«Фракцияның отырысында мемлекеттік органдардың өкілдеріне әлеуметтік нысандарды тапсыру кестесін дайындауды, құрылыс барысында туындайтын мәселелерді белгілеуді тапсырдым. Толықтырулардан бас тартып, жаңа толыққанды мектептер салу қажет екенін атап өттім. Елордалық партияластардың бағдарламалық құжаты Астана қаласы тұрғындарының өмір сүру деңгейін арттыруды көздейді. Барлығы 16 басым бағыт бойынша 110 міндетті іске асыру айқындалды. Білім беру және денсаулық сақтау нысандарын

салу, әлеуметтік сала, абаттандыру, шағын және орта бизнесті дамыту, жастарды қолдау, тұрғын алаптарды дамыту, қауіпсіздік мәселелері және тағы басқалар. Әрбір бағыт бойынша мемлекеттік органдар басшыларының қатарынан мерзімдер мен олардың орындалуына жауапты тұлғалар бекітіліп, елордалық мәслихат депутаттарының тұрақты бақылауында болады. Апта сайын, әр жұма сайын жол картасы аясында салынып жатқан нысандарға барып, жұмыс барысын тексеретін боламыз» деп түсіндірді мәслихат төрағасы.

ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР КӨПІРІ САЛЫНУДА

Бас қалада көлік көпірлерінің астымен өтетін жаяу жүргіншілер көпірлері салынып жатыр. Бұл туралы Астана әкімдігінің Telegram-каналы ақпарат таратты.

«Амман» және «Абылай хан» көпірлерінің астында Ақбұлақ арнасының бойындағы саябақ кластерлерін жалғайтын жаяу жүргіншілер жолы пайда болады. Сол арқылы қала тұрғындары бір жағалаудан екіншісіне кедергісіз өте алады. Бүгінде жаяу жүргіншілер үшін жағдай жасалып жатыр. Мәселен, бұған дейін «Алатау» спорт кешеніне

қарсы беттегі тұраққа арналған орын жаяу жүргіншілер аймағына айналды. Жуырда мұнда бұталар мен үлкен ағаштар отырғызылады. Сондай-ақ Есіл жағалауында ағаштың берік түрлерінен спорт және ойын алаңқайлары пайда болады. Басты міндет – қала тұрғындарына қолайлы орта жасау» делінген ресми мәліметте.



Нью-Йоркте көшеде тегін дәрі-дәрмек беріледі.

Нью-Йоркте қоғамдық орындарда денсаулық сақтауға арналған алғашқы сауда автоматтары ашылды. Одан дәрі-дәрмек пен жеке бастың тазалығына қажет заттарды алуға болады. Қала тұрғындарына тегін беріледі. Бұл үшін мекенжайының пошта индексі енгізіліп, керек тауарды таңдауы тиіс. Тауарлардың арасында ескірткіні шамадан тыс қолданғанды мұрынға себетін спрей бар. Бұл есірткіден өлу көрсеткішін 2025 жылға қарай 15 пайызға азайтуға көмектеседі деген болжам бар.

МЕЙІРІМГЕ ҚҰШТАР ЖАНДАР МЕРЕЙІ



V республикалық «Қайырымдылық керуені» байқауына қатысқан елордалықтар марапатталды. Байқауға қайырымды істермен тұрақты түрде айналысып, қоғамға көмегі тиген азаматтарды Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Дәурен Бабаұратов құттықтап, сыйлықтар табыс етті.

**Индира
БЕРЖАНОВА**

Жыл сайын аталмыш байқау жүздеген қамқор адамды, нағыз патриоттарды, батырлар мен меценаттарды анықтайды. Астана қаласы Іскер әйелдер қауымдастығының төрағасы Сәния Ырсалиева байқау лауреаттарын марапаттау рәсімі 2023 жылдың ақпан айында өткенін айтты.

«Қайырымдылық керуені» V конкурсына қатысуға еліміздің барлық өңірінен 969 өтінім келіп түсті, оның 105-і – Астана қаласынан. Елорда жүлделі орындар саны бойынша 1-орынға не болды. 6 адам республикалық марапаттау рәсіміне қатысты. Олардың ішінде адамдарды өлімнен құтқаруға қатысқандар, қайырымдылықпен бел-

сенді айналысатындар, мәдениеттің дамуына ықпал етіп жүргендер, жануарлардың жанашырлары, қоршаған ортаны жақсартумен айналысатындар бар, – деді С.Ырсалиева.

Өз кезегінде Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Дәурен Бабаұратов Іскер әйелдер қауымдастығының республикалық мәртебесі және бүкіл Қазақстан бойынша бірнеше филиалы бар екенін атап өтті.

– Бізде осындай үкіметтік емес ұйым бар екені қуантады. Жақында Абай облысындағы қасіретте іскер әйелдер де шетте қалмады. Олар бірден батыл әрекетке барып, зардап шеккендерге көмек жинап, жөнелте бастады. Бұл олардың бірлігі мен ұйымшылдығын көрсетеді. Байқаудың барлық үміткеріне

шын жүректен алғысымды білдіремін. Сіздердің іс-әрекетіңіз бүкіл қоғамға пайдалы. Мұндай адамдарға біздің мемлекетіміз қолдау көрсетеді, – деді Д.Бабаұратов.

Қатысушылар байқаудың 7 аталымы бойынша марапатталды. Оның ішінде:

– «Туған жер» аталымы бойынша Латиф Парпиев жеңімпаз атанды. Ол үш рет Қазақстанның үздік еріктісі атанған. «Жаңа туған нәрестелерді ерте оңалту», «Ата-аналарға арналған мектеп» жобасының негізін қалаушы. Бүгінде осы жобалар аясында медицина қызметкерлеріне, ата-аналарға арналған шеберлік сыныптар өткізеді.

– «Батыл жүрек» аталымында Саламат Алламбергенов жеңіске жетті. Ол Астана қаласында 2020 жылы өртке оранған үйден 3 баланы өлімнен құтқарды.

– «Қайырымдылық тарихы» аталымы бойынша Анар Шәймергенова жеңімпаз атанды. Анар ағза ауыстыруға мұқтаж науқастарға кеңес беріп, қолдау көрсетеді.

– «Асар» номинациясында Мәдина Жорабаева жеңімпаз атанды. Мәдина – Тараз қаласынан шыққан патронат тәрбиеші.

– «Мейірім жолында» аталымы бойынша «Әділ» қайырымдылық қоры жеңіске жетті. Қор 10 жылдан бері жұмыс істейді.

– «Жануарға мейірім» аталымында Ерлан Күмісқалиев жеңімпаз атанды. Ол 2013 жылы церебралды сал ауруы, Даун синдромы және орталық жүйке жүйесінің өзге де ауруы бар балаларға арналған қанис және иппотерапия бойынша «Атырау – кішкентай ел» үкіметтік емес ұйымын құрды.

– «Бала жүрегі» аталымында Жантөре Серікқан жеңімпаз атанды. 5 жастағы бала 2023 жылдың 5 қаңтарында 112 нөміріне қоңырау шалып, өзін және інілерін өлімнен құтқарды.

Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен мемлекеттік қызметшілер арасында «Дәстүрден тағылым» атты байқау өтті.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САЙЫСЫ



Мемлекеттік қызметшілер күніне орай ұйымдастырылған байқау ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрімізді қайта жаңғырту, мемлекеттік қызметшілердің мәдени-тарихи құндылықтарды кеңінен түсінуі арқылы ұлттық бірегейлікті айқындайтын адамгершілік бағдарды дәріптеу және қалыптастыруға бағытталды.

Тартысты сайысқа 10 мемлекеттік органның 100-ге жуық қызметкері қатысты. Олар ұлттық дәстүр мен әдет-ғұрыптарды көрсететін театрландырылған және музыкалық сүйемелденген сюжеттік көріністерімен өз өнерін ортаға салып, өзара бақ

сынасты. Байқаудың қазылар алқасының құрамы этнограф-тарихшы, өнертанушы мамандар арасынан жасақталды.

Қорытынды бойынша 3-орынды Байқоңыр ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы, 2-орынды Астана қаласының Полиция департаменті, 1-орынды Астана қаласы бойынша Қазынашылық департаменті және бас жүлдені Астана қаласы әкімдігінің Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы иеленді. Аталмыш байқау мемлекеттік қызметшілер арасында алғаш рет өткізілді.

АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ТҰРАҚТЫ МА?

Астана қаласының Қоғамдық кеңес мүшелері ірі және шағын сауда орындарында азық-түлік өнімдерінің бағасын бақылау мақсатында мониторинг жұмысын жүргізді.

**Индира
БЕРЖАНОВА**

Тексеру жұмысы Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының елордадағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыруды қамтамасыз ету және қоғамдық бақылау өкілетін іске асыру шеңберінде жүзеге асырылды.

Қазақстанда бағаны тұрақтандыру үшін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті сауда үстемесінің мөлшері енгізілді. Енді сатушының айырмасы өндірушінің сату бағасынан немесе көтерме жеткізушінің сатып алу бағасынан 15 пайыздан аспауы тиіс.

Сондай-ақ, елордада арнайы тұрақтандыру қоры жұмыс істейді. Оның міндеті – тауарларды тікелей өндірушіден сатып алу және сатушыларға қосымша делдалдарсыз, бағаны

көтерместен жеткізу. Қор отандық өндірушілерді субсидиялаумен айналысатындықтан, олар өнімді белгіленген бағамен шығарады.

Мониторингтік топтың мүшесі Зейнолла Шибкенов барлық сатушы жоғарыда аталған қаулыларды сақтамайтынын айтты.

«Азық-түлік бағасының өзгеруі байқалады. Бұл болмауы керек, өйткені бірыңғай үстеме белгіленген. Кейбір сауда орындарында сатушылар біздің көз алдымызда бағаны өзгертті. Сондай-ақ, сауда алаңдары әлеуметтік маңызы бар тауарларды белгілемейді. Коммуналдық базарларда жеке сатушылар көп, сондықтан әлеуметтік маңызы бар өнімдер тиісті мөлшерде көрсетілмеді» деді қалалық Қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары Зейнолла Шибкенов.

Мониторинг қорытындысы 27 маусымда Қоғамдық кеңестің отырысында ұсынылады.



СЕМЕЙГЕ КӨМЕК ЖӨНЕЛТТІ

Астана қаласы әкімдігінің жанындағы «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен Абай облысындағы төтенше жағдайға байланысты гуманитарлық көмек жіберілді.

Аталған көмек елорданың Қазақстан халқы ассамблеясының этномәдени бірлестік мүшелері, ассамблеяның өзге де белсенді азаматтары, кәсіпкерлер мен қала тұрғындарының қолдауымен жүзеге асты.

Мекеме басшысы Әділхайыр Мыр-

заханов әлеуметтік желіде әр мәдени бірлестік көпшілікті хабардар еткенін айтады. Бұл игі іске өзбек, эзербайжан, грузин, неміс этномәдени орталықтары белсене атсалысты.

Қазір азық-түлік, гигиена құралдары, төсек жабдығы, дәрі-дәрмектің

барлығын қосқанда 2 тоннаға жуық жүк жиналды. Жүк көлігіне тиелген гуманитарлық көмек межеленген орынға шамамен 10 сағатта жетпек. Көмек өртті сөндіруге қатысқан адамдарға және эвакуацияланған адамдарға арналды.

Канададағы орман өрті тұтас құрлыққа зиянын тигізді.

Канада орманындағы өрттің түтінінен АҚШ-тың 75 миллион тұрғыны зардап шегіп отыр. Құрама Штаттардың шығысындағы ірі қалаларда ауа сапасы қатты нашарлап кеткен. Тілсіз жау жыл басынан бері 4 миллионға жуық гектар жасыл желекті жалмап үлгерген. Мамандар 2050 жылға қарай отқа оранған аумақ көлемінің 2 есе артатынын ескертеді.



Лондонда ежелгі Рим дәуіріндегі кесене табылды.

Лондонның оңтүстігіндегі Саутуарк аймағында қазба жұмыстарын жүргізген археологтар қабырғалары мен едендері жақсы сақталған Рим дәуіріндегі бірегей кесенені тапты. Ғалымдардың пікірінше, бұл Британия Рим колониясы болған кезде Лондиниумның аумақты тұрғындары үшін жерлеу орны болған. Кесене қалпына келтірілгеннен кейін оны тұрақты экспозицияға айналдыру жоспарланып отыр.





ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАЙҚАЛҒАН...

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Осы тұрғыдан алғанда, астананың «жасыл белдеуін» қалыптастыру мақсатында елорда төңірегіне 100 мың гектарға жуық аумаққа орман отырғызылғаны – қуанарлық жағдай. Осы орман белдеуінің қалыптасуымен астананың ақырған аязының да беті қайтып, бораны бәсейді. Бұл да астананың Арқаға көшкен 25 жылдан бері ең үлкен жетістігінің бірі.

«Жасыл белдеу» – Қазақстан Республикасының 1997 жылдан бастап жүзеге асырып келе жатқан, астананың іші мен оның маңайындағы аймақтарды абаттандыру жобасы. Қаланың өзінде және оған жапсарлас аумақтарда жасыл желек қалыптастыру және оны сақтау мақсатында елорда айналасын қоршай бой көтерген «жасыл белдеу» бұл күнде қаланың таза ауамен тыныстауына мүмкіндік беретін «өкпесіне» айналды. Жалпы аумағы 100 мың гектарға жуықтаған бұл орманды алқапта 10 миллионнан астам ағаш пен 2 миллионға жуық бұта бар.

Бас қала төңірегіндегі орманды өрттен қорғау да айрықша маңызды. Қазіргі таңда «жасыл белдеудің» әрбір учаскесінде «Жасыл аймақ» РМК мемлекеттік орман күзеті жұмыс

Қазақстан – орманы аз елдердің бірі. Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің мәліметіне сәйкес, еліміздегі орманды алқап ел аумағының небәрі 5 пайызын ғана қамтиды. Оның үстіне, елімізде орманның өсуі де әрқелкі. Демек, қазақ мемлекетінің алдында тұрған бір үлкен міндет бар. Ол – табиғи ормандарды қорғап, ағаш егіп, орман отырғызу; шөлейттенудің алдын алып, жасанды орман белдеуін үздіксіз ұлғайту.



істейді. Орманда 360 градусық екі өрт бақылау мұнарасы жұмыс істейді. Дала және орман өртінің ықтимал тұтануы толық бақыланады. Тәулік бойы кезекшілік жүргізіледі. Орман шаруашылығы аумағында

бірінші типтегі өрт сөндіру стансасы бар. Сосын да шығар, 20 жылға жуық уақыттан бері бұл жасанды орман алқабында көлемді өрт туған жоқ.

Ерекше ескеретін бір түйін, елімізде орман шаруашылығы

мен жеміс-жидек өндірісін ұштастыра дамытудың келешегі зор. Астана төңірегіне егілген орманды алқаптан жаз бойы қарақат теріп, неше миллион кіріс кіргізетін азаматтар да аз емес. Дегенмен «Қазақстан

– алманың отаны, қызғалдақтың отаны» дегенімізбен, гүл де, жеміс те шетелден импортталады. Осының өзінен біздің елдің «шөбін тартсаң май шығатын, қазық қақсаң тал шығатын» тусыған даласын дұрыс пайдалана алмай отырғанын аңғаруға болады. Осы тұрғыдан алғанда, бізге де орман қорғаудың, жасанды орман белдеуін қалыптастырудың кешенді жоспары керек.

«Жасыл белдеуде» жан-жануарға айрықша көңіл бөлінеді. Орман пайда болғанда, жануарлар әлемі де бірге дамиды аумағында. Астана күні қарсаңында орманды алқапқа қырғауылдарды жіберу дәстүрге айналған. Елорда әкімдігінің ақпаратына сәйкес, құстар санын, оның ішінде қырғауылдарды көбейту үшін қырғауыл мекенін кеңейту және реконструкциялау жүргізілді. Бұл қырғауыл санын жылына екі мың құсқа дейін арттыруға мүмкіндік береді. Қырғауыл өсіру зиянкес жәндіктермен күресуге және санитарлық-қорғау аймағын табиғи орман жағдайына жақындатуға көмектеседі.

Одан бөлек, «жасыл белдеу» аумағын түлкі, қарсақ, ақ және сұр кекілік, елік, қабан мекендейді. Соңғы кездері бұғы-марал да көбейді. Қоян жыртғылып айырылады. Бұл аумақтарда аң аулауға тыйым салынады. Соңғы кездері «жасыл белдеу»

дәлізінде велосипед жолдары салынып, атпен сөйіл-серуен құруға да мүмкіндік жасалды. Бұл қала тұрғындарының жасыл ортада өзін жайлы сезінуіне үлкен мүмкіндік сыйлады.

Экономикалық пайдасымен қатар, ағаштың адам денсаулығына да пайдасы мол екені баршамызға мектеп қабырғасынан белгілі. Мәселен, фотосинтез процесінде ағаш пен бұта бүргендердің жапырақтары шаң-тозаңның 72 пайызы мен күкірт қос тотығының 60 пайызын сіміріп, бактерияларды өлтіретін биологиялық белсенді заттарды бөліп шығарады екен. Үндістанның Калькутта университетінің профессорлары 50 жыл көктеген бір ағаштың құны 31200 долларға тең келетін оттегі өндіріп, ауа ластануының алдын алуда 62500 долларлық құн жарататынын есептеп шыққан.

Қазір әлемнің көптеген елі ағаш егу мәдениетін қалыптастыру мақсатында арнаулы бір күнді ағаш егу мерекесі етіп белгілеген. БҰҰ-ның санағына қарағанда, әлемде 50-ден аса ағаш егу мерекесі бар екен. Егер Қазақстанда да тәуелсіздік алғаннан бері арнаулы бір күнді ағаш егу мерекесі етіп белгілеп, оқушыларды, мемлекет қызметкерлерін және еріктілерді жұмылдырсақ, біздің елдің де тең жартысы орманды алқапқа айналар еді.

КЕЛБЕТТІ ВОКЗАЛ КЕШЕНІ

Елорданың ерекше әдемі әрі зәулім ғимаратының бірі – 2017 жылы ашылған «Нұрлы жол» вокзал кешені. Астана теміржолының бас қақпасы шаһар тұрғындарын ғана емес, жан-жақтан пойызбен келетін қонақтарын да өзінің көркем келбетімен тамсандырады.

Райхан
РАХМЕТОВА

Бұл вокзал мен ЭКСПО-2017 көрмесінің тарихы бір уақытта бір-бірімен тығыз байланыста басталды. Халықаралық маңызды іс-шараға келетін қонақтарды осы вокзалдан қарсы алудың маңызы сол кезде өте зор болды. Расында, көлік және құрылыс саласындағы жаңа жабдықтар мен

технологияларды қолдана отырып салынған заманауи мұндай теміржол вокзалы бүкіл ТМД аумағында жоқ. Вокзал кешенінің бірегейлігі оның техникалық жабдықталуында, технологиялық мүмкіндігінде жатыр. Кешен әдеттегі «жағалау» типінде емес, «вокзал – көпір» қағидаты бойынша салынған. Ғимараттың ауданы 116 мың шаршы метрден асады, 7 қабаттан тұрады. Пойыздар

ұзындығы 2,595 км болатын кіреберіс эстакада арқылы құрылымның ішіне 3-қабат деңгейіне дейін келеді. Кешенде 6 қабылдау-жөнелту жолы бар. Пойыздарға жолаушылар вокзал кешенінің 3-қабатынан отырып, түседі.

Ғимарат жарықдиодты және энергияны үнемдейтін шаммен, 26 лифтімен және 64 эскалатормен жабдықталған, олар жолда адамдар болмаған кезде

баяулап, энергия ресурсын үнемдейді. Жерасты жылу алмастырғышы орнатылған, олар ауаны жылыту немесе салқындату үшін жерасты температурасын пайдаланады және қыста бөлмені жылытуға, жазда салқындатуға мүмкіндік береді. «Нұрлы жол» вокзалы кешенінде халықтың мобильділігі төмен топтарға қызмет көрсету үшін қажетті техникалық құрылғылар мен қызмет көрсету аймақтары кеңінен қарастырылған. Кешеннің жолаушыларды өткізу қабілеті ауқымды, мұнда тәулігіне 35 мыңнан астам жолаушыны өткізуге мүмкіндік бар. Заманауи құрылымның тағы бір ерекшелігі – жолаушылардың қарама-қарсы бағытта жүруіне жол берілмеуі, яғни пойыздан түскендер вокзалдың басқа жолымен шығып, пойызға отыратындар басқа жолмен кіреді. Олардың бөлек жолдарының болуы вокзал кешенінде жүрген барлық адам үшін жайлылықты қамтамасыз етеді. Жолаушылар пойызға отыру үшін алдымен кешеннің екі жағындағы 10 кіру жолы, 10 жолаушылар лифті және 12 эскалатор арқылы 4 қабаттағы негізгі залға өтеді. Негізгі залда күту орындары, билет кассалары, анықтама бюросы, багажды сақтау камералары,



сауда нүктелері, тамақтану пункттері орналасқан. Сол жерден пойызға отыру үшін вокзал кезекшілерінің жол көрсетуі арқылы вагон нөміріне

қарай бөлінген эскалаторға мініп, 3-қабатқа түседі. Сөйтіп күтіп тұрған пойызына мініп, алыс саяхаттар мен сапарға аттанады.



